

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ



Нөмір тақырыбы:

Тема номера:

Cover story:

> АУДИТТИ ДҰРЫС ЖОСПАРЛАУ

> ПРАВИЛЬНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ АУДИТА

> PROPER AUDIT PLANNING

ЖАҢАЛЫҚТАР	4	НОВОСТИ	4
ХРОНИКА	6	ХРОНИКА	6
ЕСЕП КОМИТЕТИ		СЧЕТНЫЙ КОМИТЕТ	
А.М. Мұхаметкәрім Есеп комитетінің талдамалық қызметінің тиімділігі – мемлекеттік аудитке өтудің негізі	8	А.М. Мухаметкарим Эффективность аналитической деятельности Счетного комитета – основа перехода на госаудит	26
С.А. Құлмағанбетов Мемлекеттік аудиторларды сертификаттау мәселелері	12	С.А. Кулмаганбетов Вопросы сертификации государственных auditors	30
НӨМІР ТАҚЫРЫБЫ		ТЕМА НОМЕРА	
Алина Ундритс Андрей Катсуба Аудитті дұрыс жоспарлау	14	Алина Ундритс Андрей Катсуба Правильное планирование аудита	32
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ»РМК		РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»	
ОЗА ШАУЫП, ІСКЕ ЖҰМЫЛУДАМЫЗ	18	РАБОТАЕМ НА ОПЕРЕЖЕНИЕ	36
ИНФОГРАФИКА		ИНФОГРАФИКА	
Ақтөбе облысына бөлінген республикалық бюджет қаражатының пайдаланылуын және бюджетке түскен түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, сондай-ақ Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын бақылаудың қорытындысы туралы	24	Об итогах контроля полноты и своевременности поступлений в бюджет и использования средств республиканского бюджета, выделенных Актыобинской области, а также соблюдения Стандартов государственного финансового контроля	24
Қостанай облысына бөлінген республикалық бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігін, бюджетке түскен түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, сондай-ақ Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын бірлескен бақылаудың қорытындысы туралы	42	Об итогах совместного контроля эффективности использования средств республиканского бюджета, выделенных Костанайской области, полноты и своевременности поступлений в бюджет, а также соблюдения Стандартов государственного финансового контроля	42
РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС	48	РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ	48



NEWS

4

CHRONICLE

7

COVER STORY

Alina Undrits

Andrei Katsuba

Proper Audit Planning

44

EDITORIAL BOARD

49



Аудитті дұрыс жоспарлау аудит мақсатына жетуге ең тиімді тәсілмен, яғни, шалағайлық сияқтыдан қаша отырып, ресурстардың шамадан тыс шығыстарын да орынды сенімділікпен қамтамасыз етуге көмектеседі.

Правильное планирование аудита помогает самым эффективным способом достичь цели аудита, т. е. обеспечения разумной уверенности, избегая как недоработки, так и чрезмерного расхода ресурсов.

Proper audit planning helps to achieve the audit objectives in the most effective way, i.e. provide reasonable assurance as to avoid gaps and excessive consumption of resources.





**ЕСЕП КОМИТЕТІНІҢ ҰЖЫМЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ
«НҰРЛЫ ЖОЛ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ» АТТЫ ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ**

Есеп комитетінің Төрағасы Қозыкөрпеш Есімұлы Жаңбыршин Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауын еліміздің экономикалық, саяси және әлеуметтік өмірінде аса маңызды оқиға екендігін атап өтті.

«Қалыптасқан геосаяси жағдайда, алдымыздағы бесжылдық еліміздің экономикалық дамуында жаңа кезең болуы тиіс, бұл – Қазақстанның Жаңа Экономикалық Саясатына арналған Жолдаудың ерекшелігі», - деді Қ. Жаңбыршин.

Есеп комитеті Төрағасының айтуынша, Елбасы тапсырған стратегиялық міндеттерді іске асыруға қомақты көлемде бюджет қаражатын, соның ішінде Ұлттық қор қаражатын бөлу жоспарлануда.

Аталған қаражат жолдарды, әлеуметтік және жалға берілетін үйлерді салуға, апатты жағдайдағы және үш ауысымда оқытатын мектептердің проблемаларын шешуге, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы бағдарламаларын одан әрі іске асыруға және тағы басқа мақсаттарға бағытталады деп қарастырылған.

Осыған байланысты бюджет қаражатын тиімді және ұтымды пайдалану мәселесінің маңызы арта түспек деп атап өтті Қ. Жаңбыршин.

«Есеп комитеті еліміздің жоғары қаржы бақылау органы ретінде бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығы мен есептілігін, сондай-ақ оның жұмсалуды тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі Елбасы белгілеген міндеттерді іске асыру үшін бар күшін жұмылдыруға тиіс», - деді Есеп комитетінің Төрағасы.

Талқылаудың қорытындысы бойынша, Төраға Есеп комитетінің мүшелері мен аппарат қызметкерлеріне «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясат аясында бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Сөзінің соңында, Есеп комитетінің Төрағасы Есеп комитетінің ұжымын Ұлттық валюта күнімен және қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтап, барша ұжым қызметкерлеріне зор жетістік, игілік пен мол табыс тіледі.

**Есеп комитетінің
баспасөз қызметі**

**КОЛЛЕКТИВ СЧЕТНОГО КОМИТЕТА ОБСУДИЛ ПОСЛАНИЕ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА
НАРОДУ КАЗАХСТАНА «НҰРЛЫ ЖОЛ – СВЕТЛОЕ БУДУЩЕЕ»**

Председатель Счетного комитета К. Джанбурчин отметил, что Послание Главы государства народу Казахстана является важнейшим событием в политической, экономической и общественной жизни страны.

«Уникальность Послания, посвященного Новой Экономической Политике Казахстана, заключается в том, что грядущее пятилетие должно стать новым этапом в экономическом развитии страны в условиях сложившейся геополитической ситуации», - сказал К. Джанбурчин.

По словам Председателя Счетного комитета, на реализацию стратегических задач, поставленных Главой государства, планируется выделение значительных объемов средств бюджета и Национального фонда.

Данные средства предполагается направить на строительство дорог, социального арендного жилья, дальнейшую реализацию программ развития здравоохранения, образования, сельского хозяйства и другие цели.

К. Джанбурчин подчеркнул, что особое значение в этой связи приобретают вопросы рационального использования бюджетных средств и Счетный комитет как высший орган финансового контроля страны должен мобилизовать все силы для качественной реализации обозначенных Лидером нации задач по обеспечению большей прозрачности, подотчетности и эффективности использования бюджетных средств. По итогам обсуждения Председателем дан ряд кон-

кретных поручений членам Счетного комитета и работникам аппарата по исполнению мероприятий в рамках реализации Новой Экономической Политики «Нұрлы Жол».

В заключение Председатель Счетного комитета поздравил коллектив Счетного комитета с Днем национальной валюты и профессиональным праздником работников финансовой системы страны.

**Пресс-служба
Счетного комитета**

ЕСЕП КОМИТЕТІНДЕ СЫРТҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Үйлестіру кеңесінің жұмысына Есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелері, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының тексеру комиссияларының төрағалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өкілдері қатысты.

Отырысқа қатысушылар мемлекеттік аудит жүйесіне көшу, соның ішінде «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң жобасын Парламентте жылжыту мәселелерін талқылады.

Заң жобасын іске асыру үшін Есеп комитеті 50-ден астам құжат әзірлеуді жоспарлауда, солардың 20-сы әзірленген, 19-ы – аяқталу сатысында, қалғандары 2015 жылдың 1-жартыжылдығында әзірленетін болады.

Сыртқы мемлекеттік аудиттің жаңа стандарттарын енгізудің негізгі аспектілері, мемлекеттік аудит нәтижелерін тану мәселелері талқыланды.

Сыртқы мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың жалпы және рәсімдік стандарттары жобаларын әзірлеуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ Есеп комитеті әзірлеген бақылау іс-шараларының нәтижелерін тану тетігін мақұлдау жөнінде шешім қабылданды.

Отырысқа қатысушылар мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, сертификатталған аудиторлар пулын қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

Есеп комитетінің Төрағасы Қозыкөрпеш Жаңбыршиннің айтуынша, аудиторларды сертификаттау мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының мамандарын оқытудың мазмұны мен нысанына қатысты тәсілдер мен қағидағандарды түбегейлі өзгертіп, мамандарды қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үздіксіз жүйесін құруды қажет етеді.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының Бірыңғай ақпараттық дерек қорын жасауды сапалы іске асырудың маңыздылығы атап өтілді.

«Қазіргі уақытта, Есеп комитеті интеграцияланған ақпараттық жүйені құру бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. 2015 жылдың 1-жартыжылдығында Есеп комитетінің жүйесі тексеру комиссияларының ведомстволық ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын болады» - деді Қ. Жаңбыршин.

Отырыстың қорытындысы бойынша мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметінің тиімділігін арттыруға, олардың сындарлы өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Үйлестіру кеңесінің қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған нақты бірқатар шешімдер қабылданды.

**Есеп комитетінің
баспасөз қызметі**

В СЧЕТНОМ КОМИТЕТЕ СОСТОЯЛОСЬ ОЧЕРЕДНОЕ ЗАСЕДАНИЕ КООРДИНАЦИОННОГО СОВЕТА ОРГАНОВ ВНЕШНЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ

В работе Координационного совета приняли участие Председатель и члены Счетного комитета, председатели ревизионных комиссий областей, городов Алматы и Астаны, а также представители Министерства финансов Республики Казахстан.

Участники совещания обсудили вопросы перехода на систему государственного аудита, в том числе продвижения в Парламенте страны законопроекта «О государственном аудите и финансовом контроле».

В реализацию законопроекта Счетным комитетом планируется разработать свыше 50 документов, из которых 20 - уже разработаны, на стадии завершения - 19, остальные будут разработаны в течение 1 полугодия 2015 года.

Обсуждены основные аспекты внедрения новых стандартов внешнего государственного аудита, признания результатов государственного аудита.

Принято решение одобрить требования к разработке проектов общих и процедурных стандартов внешнего государственного аудита и финансового контроля, а также разработанный Счетным комитетом механизм по признанию результатов контрольных мероприятий.

Особое внимание участников заседания было уделено вопросам повышения квалификации работников

системы государственного финансового контроля, формирования пула сертифицированных аудиторов.

По словам Председателя Счетного комитета Козы-Корпеша Джанбурчина, сертификация аудиторов требует кардинального изменения подходов и принципов к содержанию и форме обучения специалистов органов государственного финансового контроля, созданию непрерывной системы переподготовки и повышения квалификации специалистов.

Отмечена важность качественной реализации создания Единой информационной базы данных органов государственного аудита и финансового контроля.

«В настоящее время Счетный комитет проводит работу по созданию интегрированной информационной системы. В первом полугодии 2015 года предстоит интеграция системы Счетного комитета с ведомственными информационными системами ревизионных комиссий», - сказал К.Джанбурчин.

По итогам заседания принят ряд конкретных решений, направленных на повышение эффективности деятельности органов государственного финансового контроля, обеспечение их конструктивного взаимодействия, а также на дальнейшее совершенствование деятельности Координационного совета.

Пресс-служба Счетного комитета

ЕСЕП КОМИТЕТІНІҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ 2014 ЖЫЛҒЫ 12 ҚАРАШАДА МӘСКЕУ ҚАЛАСЫНДА БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ЖОҒАРЫ ҚАРЖЫ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСЫП ҚАЙТТЫ

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Екібастұз МАЭС-2 үшінші блогын салу және кейіннен пайдалану туралы келісімге сәйкес энергетика саласындағы бірлескен ресейлік-қазақстандық жобалардың іске асырылуын мониторингілеу» туралы Қазақстан Республикасы Есеп комитетінің және Ресей Федерациясы Есеп палатасының қосарлас сараптамалық-талдамалық іс-шарасының қорытындысы шығарылды.

Қазақстан Республикасы Есеп комитетінің мүшесі Александр Горяинов және Ресей Федерациясы Есеп палатасының аудитору Валерий Богомолов өздерінің баяндамаларын оқыды.

Отырыста үкіметаралық келісімнің жекелеген кезеңдерінің уақтылы және толық орындалмауына, жобаның іске асырылу мерзімін ұзартуға, оның іске асырылу құнының қымбаттауына қатысты фактілер мен себептер атап өтілді.

Отырыстың қорытындысы бойынша сараптамалық-талдамалық іс-шараның нәтижелері туралы бірлескен есеп бекітілді, Ресей Федерациясының Энергетика министрлігіне және Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне Үкіметаралық келісімді іске асыру бойынша үйлестіру және бақылау жұмыстарын күшейту ұсынылды.

2. Отырыста Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы уәкілетті органдарының 2013 жылы Кеден одағында кедендік

әкелу баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) есепке жатқызу мен бөлудің тәртібін белгілеу және қолдану туралы келісімді сақтауына жүргізілген бірлескен тексерудің нәтижелері қаралды.

Беларусь Республикасы Мемлекеттік бақылау комитеті Төрағасының орынбасары Раиса Саврицкая, Қазақстан Республикасы Есеп комитетінің мүшесі Жансейіт Сәрсенқұлов және Ресей Федерациясы Есеп палатасының аудитору Сергей Штогрин өздерінің баяндамаларын оқыды.

Тараптардың уәкілетті органдары жалпы алғанда Келісімде белгіленген Кеден одағына мүше мемлекеттердің арасында кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу мен бөлу тәртібінің орындалуын қамтамасыз еткені атап өтілді. Бұл ретте мемлекеттердің кеден қызметтерінің жұмысында жекелеген кемшіліктер анықталды, оның ішінде бөлінетін баждарды толыққанды және уақтылы бюджетке аудару қамтамасыз етілмеген.

Отырыстың қорытындысы бойынша тексеру нәтижелері туралы бекітілген бірлескен есепті Беларусь, Қазақстан және Ресей үкіметтеріне, сондай-ақ Еуразия экономикалық комиссиясына жіберу жөнінде шешім қабылданды.

**Есеп комитетінің
баспасөз қызметі**

ДЕЛЕГАЦИЯ СЧЕТНОГО КОМИТЕТА ПРИНЯЛА УЧАСТИЕ В СОВМЕСТНЫХ ЗАСЕДАНИЯХ ВЫСШИХ ОРГАНОВ ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ РЕСПУБЛИКИ БЕЛАРУСЬ, РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ, Г. МОСКВА (РФ), 12 НОЯБРЯ 2014 ГОДА

1. Рассмотрены результаты экспертно-аналитического мероприятия «Мониторинг реализации совместных казахстанско-российских проектов в сфере энергетики в соответствии с Соглашением между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о строительстве и последующей эксплуатации третьего блока Экибастузской ГРЭС-2», проведенного Счетным комитетом Республики Казахстан параллельно со Счетной палатой Российской Федерации.

С докладами выступили член Счетного комитета Республики Казахстан Александр Горяинов и аудитор Счетной палаты Российской Федерации Валерий Богомолов.

Отмечены факты и причины несвоевременного и неполного выполнения отдельных этапов Межправительственного соглашения, продление сроков реализации проекта, а также удорожания стоимости его реализации.

По итогам заседания утвержден Совместный отчет о результатах экспертно-аналитического мероприятия,

Министерству энергетики Российской Федерации и Министерству энергетики Республики Казахстан рекомендовано усилить координацию и контроль за реализацией Межправительственного соглашения.

2. Рассмотрены результаты совместной проверки соблюдения в 2013 году уполномоченными органами Республики Беларусь, Республики Казахстан и Российской Федерации Соглашения об установлении и применении в Таможенном союзе порядка зачисления и распределения ввозных таможенных пошлин (иных пошлин, налогов и сборов, имеющих эквивалентное действие).

С докладами выступили заместитель Председателя Комитета государственного контроля Республики Беларусь Раиса Саврицкая, член Счетного комитета Республики Казахстан Жансейит Сәрсенқұлов и аудитор Счетной палаты Российской Федерации Сергей Штогрин.

Отмечено, что уполномоченными органами сторон, в целом, обеспечено исполнение установленного

Соглашением порядка зачисления и распределения ввозных таможенных пошлин между государствами-членами Таможенного союза. При этом установлены отдельные недостатки в работе таможенных служб стран в части необеспечения полного и своевременного перечисления распределяемых пошлин в бюджет.

По итогам заседания утвержденный совместный отчет о результатах проверки решено направить в правительства Беларуси, Казахстана и России, а также в Евразийскую экономическую комиссию.

**Пресс-служба
Счетного комитета**

THE DELEGATION OF THE ACCOUNTS COMMITTEE TOOK PART IN JOINT MEETINGS OF SUPREME AUDIT INSTITUTIONS OF THE REPUBLIC OF BELARUS, THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE RUSSIAN FEDERATION, MOSCOW (RUSSIA), NOVEMBER 12, 2014

1. Were considered results of expert-analytical activities «Monitoring under implementation of joint Kazakh-Russian projects in the sphere of energy according to the Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Russian Federation on construction and further exploitation of the third block of Ekibastuz GRES-2», which were accomplished by the Accounts committee of the Republic of Kazakhstan parallel with the Accounts Chamber of the Russian Federation.

The member of the Accounts committee of the Republic of Kazakhstan Alexandr Goryainov and the Auditor of the Accounts Chamber of the Russian Federation Valeriy Bogomolov made reports on the issue.

Were mentioned the facts of untimely and incomplete implementation of some phases of the Intergovernmental agreement, project term extension as well as its cost increase.

Following the meeting the Joint report on results of expert-analytical activities was approved, were made recommendations to the Ministry of Energy of the Russian Federation and the Ministry of Energy of the Republic of Kazakhstan regarding strengthening the coordination and control under implementation of the Intergovernmental agreement.

2. Were considered results of the joint control on compliance in 2013 by authorized bodies of the Republic

of Belarus, the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation of the Agreement on establishment and application of the order of import duties transfer and distribution in the Customs union (other duties and taxes, which have equivalent effect).

The deputy Chairman of the State Control Committee of the Republic of Belarus Raisa Savritskaya, the Member of the Accounts committee of the Republic of Kazakhstan Zhanseit Sarsenkulov and the Auditor of the Accounts Chamber of the Russian Federation Sergey Shtogrin made reports on the issue.

It was noted that authorized bodies of the parties, generally, provided the implementation of the order of import duties transfer and distribution among member states of the Customs union established by the Agreement. Along with it were determined some problems in the competence of customs services of the countries, namely not providing full and timely transfer of distributed duties to the budget.

Following the meeting was decided to forward the adopted joint report to the governments of Belarus, Kazakhstan and Russia as well as to the Eurasian Economic Commission.

**Press-service
of the Accounts committee**





А.М. МҰХАМЕТКӨРІМ

Есеп комитетінің мүшесі, э.ғ.к.

ЕСЕП КОМИТЕТІНІҢ ТАЛДАМАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ – МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКЕ ӨТУДІҢ НЕГІЗІ

«Қазақстан-2050» Стратегиясында Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев алға қойған міндеттерді іске асыру мәтінінде Қазақстан Республикасында әлеуметтік-бағдарланған экономикамен құқықтық мемлекет құру мақсатындағы тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамыту процесі жүріп жатыр, оның ірге тасы еліміздің тәуелсіздік алған сәтімен бірге қаланған.

Бұл кезең мемлекеттік қаржылық бақылаудың барабар тегіктерін жасаумен және мемлекеттік бюджеттің пайдаланылу айқындығының қамтамасыз етілуімен ілесе жүруде, оның мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының рөлі мен мәнін арттыра түсетіні сөзсіз.

Қазынашылық жүйесін енгізу нәтижесінде бюджеттік тәртіптің біртіндеп жақсаруы, сондай-ақ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қалыптасқан жағдайы, бюджеттік ресурстардың жұмсалуды және мемлекеттік меншіктің пайдаланылу үнемділігі мен тиімділігін бағалауды қамтамасыз ететін, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің қалыптасу қажеттілігін шарттастырды. Осыған байланысты мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының басты міндеттері бағдарламалық мақсаттар жетістігіне кешенді талдау жүргізу немесе нақты тұжырымдалған критерийлерді пайдалануды бағалау негізіндегі бюджеттік шығындардың экономикалық нәтижесі болып отыр.

Міне, сондықтан да, талдау бюджеттік қаражатты пайдалану тиімділігін бағалау тәсілі болып табылатындықтан және объективті көріністі алуға, тәуекелдер мен басқару жүйесі кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік беретіндіктен, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің сараптамалы-талдамалық қызметі бірінші кезекке шығып отыр.

Бақылаулық және талдамалық қызмет бірімен бірі тізгінделіп тұратыны сөзсіз. Бұл ретте сараптамалы-талдамалық қызмет нәтижелері экономика дамуының жүйелі проблемаларын анықтауға немесе оның жекелей алынған салаларын немесе мемлекеттік басқару саласын анықтауға, анықталған бұзушылықтардың себептерін белгілеуге және заңнаманы алдағы уақытта жетілдіру бойынша ұсынымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Есеп комитетінің бақылаулық іс-шаралары мен талдамалық қызметінің нәтижелері тоқсан сайын Мемлекет басшысына жіберіледі

және жыл сайын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебіне республикалық бюджеттің орындалуы жөніндегі қорытындыны дайындау шеңберінде, Қазақстан Республикасы Парламентіне жіберіледі және ол бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

Сөйтіп, 2014 жылдың 8 айында Есеп комитеті 186 бақылау объектісін қамти отырып, 16 бақылаулық іс-шараларды өткізді, оның нәтижесі бойынша 36 ұсыным және 122 тапсырма Қазақстан Республикасы Үкіметіне, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жіберілді.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың негізгі үлесі бюджет қаражаттарының, оның ішінде бағдарламалық құжаттарды іске асыру және мақсаттаы трансферттердің игерілуі, сондай-ақ мемлекет активтерін пайдалану кезіндегі жұмсалудымен байланысты.

Мониторинг көрсеткендей, қаржылық бұзушылықтар көлемінің жартысынан астамы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (бұдан әрі – Бюджет кодексі) нормаларының сақталмауынан болғандығы, едәуір үлесі – мемлекеттік сатып алулар және құрылыс қызметі бойынша заңнамалар талаптарын бұзушылықтар екендігі мәлім болып отыр.

Туындаған қаржылық бұзушылықтар себебін талдау, бәрінен бұрын, республикалық бюджетті жоспарлау кезінде, жүйелік проблемалардың болуы туралы куәландырады. Өкінішке орай, жоспарлау кезеңінде бюджеттік тапсырыстар есебінің толықтығы мен дұрыстығы әрқашан қамтамасыз етіле бермейді, жоспарланатын іс-шаралардың қосарлануына, олардың өзара байланысының болмауына жол беріледі. Бақылаулық іс-шаралар жобалық-сметалық құжаттамалардың, рұқсат етілген құжаттар мен мемлекеттік сараптамалар қорытындыларының болмауы кезінде бюджет қаражаттарының бөліну фактілерін, ал жеке-леген жағдайларда бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік тапсырмаларының қолма-қол ақшасыздығын анықтайды.

Жергілікті бюджеттерден және жеке бизнестен инвестициялық жобаларды қосымша қаржыландыру мәселелері жеткіліксіз нәтижеде пысықталады.

Сол мезетте қаржылық тәртіпті нығайту және мемлекеттік қаражаттар мен мемлекет активтерін пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру, жіберілген қаржылық бұзушылықтарды анықтау бойынша олардың алдын алу және сақтандырылуы бақылау функцияларының қайта бағдарлануын та-

лап етеді. Бұл бағыттар Есеп комитетінің талдамалық құрамдас қызметінің күшеюіне басқарудың қазіргі бар жүйесіне бағалау жүргізудің қажеттілігімен шарттастырылған, Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу Тұжырымдамасында (бұдан әрі – мемлекеттік аудитті енгізу Тұжырымдамасы) белгіленген міндеттермен толық өзара байланыстырылады.

Мұндай бағалау жүргізудің қажеттілігін ескере отырып, мемлекеттік қаржылық бақылауды кезеңдік реформалау және мемлекеттік аудитті енгізу, мемлекеттік аудитті енгізу Тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде оның функционалды бағыттарын одан әрі кеңейту мақсатында, ел Үкіметі 2013 жылғы желтоқсанда Парламентке Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заң жобасын (бұдан әрі – заң жобасы) ұсынды.

Заң жобасы мемлекеттік аудит және мемлекеттік қаржылық бақылау органдары функцияларын, тәуекелдерді басқару жүйесінде олардың, талдамалық құрамдас және бұзушылықтардың алдын алу қызметін күшейтуді екпінмен қайта қарауды шамалайды. Есеп комитеті жұмыс тобы шеңберінде көрсетілген заң жобасын талқылауға белсенді қатысуды қолға алған.

Заң жобасын әзірлеу кезінде қаржылық бақылаудың жоғарғы органдары жұмыс істеуінің халықаралық тәжірибесі ескерілді, сондай-ақ аудиттің халықаралық принциптерін және Лим декларациясы талаптары мен аудиттің халықаралық стандарттарын қолдану алдын ала қарастырылды.

Есеп комитетінің институционалды нығайту сараптамалы-талдамалық қызмет пен алдын ала, ағымдағы және келешектегі бюджетті бағалау мен халықаралық ынтымақтастықтың артуымен бірге жүретін болады.

Сөйтіп, мемлекеттік аудитті енгізу шеңберінде, республикалық бюджетті алдын ала бағалау жүргізу бойынша Есеп комитетіне жаңа функциялармен бөлу шамаланады, ондағы негізгі мақсат оның сараптамалы-талдамалық қызметі саласын едәуір кеңейту үшін, бюджет қаражаттарының тиімсіз жұмсалуды мен қаржылық шығындардың алдын алу болып табылады.

Одан басқа, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы қабылданғаннан кейін оны іске асыруға 50-ден аса нормативтік-құқықтық актілер әзірлеу, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізудің халықаралық

стандарттарға сәйкес әдіснамалық негізін дайындау қажет болады.

Есеп комитетінің талдамалық құрамдас қызметіне арналған акценттерді ығыстыру қажеттілігін ескере отырып, қазірдің өзінде жұмыс осы бағытта басталып кетті. Сөйтіп, 2014 жылы Есеп комитеті бірінші рет Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде (ЭБЖМ) 2011-2013 жылдарда облыстар мен астананың бюджетіне республикалық бюджеттен субвенциялар бөлудің негізділігін анықтау мақсатымен, бюджеттік қаражаттардың қамтылуынсыз, бақылаулық-талдамалық іс-шаралар өткізді.

Бақылау нәтижелері өңірлер бөлінісінде бюджеттік қамтамасыз ету деңгейін теңестіру, жергілікті бюджеттер табыстарынан көп дүркін асып түсетін көлемде республикалық бюджеттен субвенциялардың бөліну, мөлшерлердің айтарлықтай ұлғаюымен қатар, республикалық бюджеттен бөлінетін мақсатты трансферттер мен кредиттердің ЭБЖМ-де принципін сақталмау фактілерін анықтады.

Одан басқа, орталықта және өңірлерде жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді болжау бойынша функциялардың қосарлануы, бюджеттердің жоспарлануы мен қалыптастырылуы кезіндегі кемшіліктер, сондай-ақ әдеттегідей, жергілікті атқарушы органдар кемітетін, жергілікті бюджетке түсімдердің болжануы кезінде жоспарланатын және нақты фактілер арасындағы елеулі алшақтық фактілері анықталды.

Сонымен, жергілікті бюджеттердің болжамдық көлемдері алшақтықтарының өсу қарқыны олардың кассалық орындалуынан жыл сайын ұлғайып отыр: 2011 жылы – 11,2 %, 2012 жылы – 17 %, 2013 жылы – 23 пайыз болды. ЭБЖМ табыс болжамы Жамбыл облысы бойынша 2011 жылы 19 998,6 млн.теңгені құрады, бюджеттің орындалуы – 25 262,7 млн. теңге немесе болжамның 126,3%-ы, 2012 жылға арналған болжам 21 624,3 млн.теңге, орындалуы 31 315,5 млн.теңге немесе болжамның 144,8%-ы, 2013 жылға арналған болжам 22 665,8 млн.теңге, орындалуы 34 165,1 млн.теңге немесе болжамның 150,7%-ы. Қызылорда облысы бойынша ЭБЖМ болжамы 2013 жылы 25 838,9 млн.теңге, орындалуы 46 184,6 млн.теңге немесе болжамның 178,7%-ы.

Осының бәрі мынаған әкелді, яғни 2011-2013 жылдар үшін өңірлерге бөлінген субвенциялардың артық сомасы есептеулердегі алшақтықтар себептері бойынша 173 млрд. теңгені, жергілікті бюджеттердің болжамдық

көрсеткіштерінің төмендеуі салдарынан – 103 млрд. теңгені, капиталды сипаттағы жергілікті бюджеттер шығыстарының ұлғаюы және дамыту бағдарламалары бойынша – 839,9 млрд. теңгені құрады. Арттырушы коэффициенттерді негізсіз қолданумен байланысты, республикалық бюджеттің қайтарып алмаған, Алматы қаласынан және Астана қаласына артық бөлінген субвенциялар көлемі 156,4 млрд. теңгені құрады.

Бақылаулық-талдамалық іс-шаралар барысында, заңнамамен бекітілген «салықтық әлеует» түсінігі және оның әр түрлі критерийлерінің ескерілуімен бюджетке барлық түсімдердің шынайы көрсеткіштерінде негізделген анықтау әдістемесінің, салалар бөлінісіндегі салықтық жүктеменің орта деңгейіндегі, өңірлер экономикасы салалық құрылымының жоқтығы белгілі болды.

Бюджетті қалыптастыру кезінде жоспарлаудың сапасыздығы үшін, бюджеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органдардың жауаптылығы анықталмаған. Одан басқа, бюджеттік қамтамасыз етушілік нормативтерін бекіту бойынша органның құзыреті заңнамалық деңгейде бекітілмеген, тиісінше, тиісті бюджеттер қаражаты есебінен берілетін, осы қызметтерді алушылардың бірлігіне есептеуде мемлекеттік қызмет құнының қаржылық нормативтер түрінде олардың әзірлемесінің әдістемесі, сондай-ақ облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттерін кепілдендірілген мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету деңгейін анықтау әдістемесі бекітілмеген.

Жалпы сипаттағы трансферттер мөлшерлерін анықтау әдістемесі, жалпы сипаттағы трансферттер бөлудің бар тәжірибесі асыраушылық ахуал туындататындықтан және өңірдің салықтық әлеуетін резервтердің анықталуына ынталандырмайтындықтан, өзінің тиімділігінің жеткіліксіздігін көрсетті. Субвенциялардың қалыптасқан жүйесі мен алып қоюлар көбінесе субъективті сипатты ұстанады, экономикалық дамыту мен қосымша ресурстарды жұмылдыруда өңірлер мүдделерін толыққанды іске қосуға мүмкіндік бермейді, оларды өз қызметтеріндегі келешегі бар жоспарлау мүмкіндігінен айырады.

Сонымен, жергілікті бюджеттер табыстарындағы айтарлықтай үлесті (60%-дан аса) республикалық бюджеттен түсетін түсім орын алуды жалғастырады, ол ішінара жергілікті бюджетті баланстандыруға мүмкіндік жасады.

Олардың арасында, жергілікті бюджет табыстарынан бірнеше есе асып түсетін көлемдегі субвенциялардың республикалық бюджеттен бөлінуі, сондай-ақ жергілікті бюджет шығыстарын қаржыландыруда республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер мен кредиттер үлесінің тұрақты ұлғайтылуы, өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуда жергілікті бюджеттің жеке табыстарының ролін төмендетеді.

Бір қаржылық жыл ішінде жергілікті бюджетке түзетулер мен нақтылаулардың бірнеше дүркін енгізілу фактілері аталды. Сөйтіп, 2011-2013 жылдарда Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының, Астана және Алматы қалаларының бюджеттері 17-ден 31 ретке дейін өзгерістерге және түзетулерге ұшырады.

Бақылаулық-талдамалық іс-шаралар қорытындысы бойынша Есеп комитеті Қазақстан Республикасы Үкіметіне, Бюджет кодексінің мемлекеттік жоспарлау бойынша орталық және жергілікті уәкілетті органдар функцияларының қосарлануын жою, «салықтық әлеует» түсінігін анықтау, бюджетті сапасыз қалыптастырғандық үшін бюджеттік жоспарлау бойынша органдар жауаптылығын белгілеу, бюджеттік қамтамасыз етушілік нормативтерін бекіту, сондай-ақ жалпы сипаттағы трансферттер есептерінің процедуралары мен әдістемелерін жетілдіру бөлігінде өзгерістер енгізу бойынша ұсынымдар берді.

Есеп комитеті қаулысын іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Бюджет кодексіне «салықтық әлеует» түсінігін енгізу туралы шешім қабылдады, сондай-ақ Бюджет түсімдерін болжау әдістемесіне, өңірдің салықтық әлеуеті есебі әдістерін анықтау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қазіргі уақытта жұмыстар жүргізу туралы ақпарат жіберді.

Талдамалық қызмет шеңберінде Есеп комитетімен оған бағынысты ұйым «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» РМК бірлесіп, қолданбалы сипатты иеленген, мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы зерттеу жүргізіп отырғанын атауға тура келіп отыр.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасы Үкіметі қарастырған, «Қазақстан Республикасында салықтық жеңілдіктер мен преференцияларды қолданудың тиімділігі мәселелерін зерттеу» тақырыбындағы жұмыс 2013 жылы аяқталды.

2014 жылғы 17 қазанда жасалынған жұмыстардың нәтижелері бойынша

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында болған Дөңгелек үстел отырысында Ұлттық экономика министрлігі қолданыстағы салықтық жеңілдіктерді және олардың тиімділігін бағалауды тексеру бойынша Есеп комитетінің ұсынымдарын ескере отырып, Үкіметтің бизнес-қоғамдастығымен бірлескен жұмысының нәтижелерін баяндады.

2014 жылы қаржылық ресурстарды және мемлекет активтерін басқару тиімділігін арттыруға бағытталған, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің өзекті мәселелері бойынша Есеп комитетінің басшылығымен жеті тақырыпта ғылыми зерттеулер жүргізу аяқталды.

Зерттеулер ішінен елдің салық салына-тын мониторингі халықаралық тәжірибесін зерделеу бойынша жасалған жұмыс, оның нәтижелерін пайдалану үшін Қазақстан Республикасы Үкіметіне жіберілетін болады. Осы зерттеу нәтижелері бойынша Есеп комитетінің бақылаулық іс-шараларын жүргізу шеңберінде Алматы және Қызылорда облыстарының нақты мәліметтері бойынша апробация өткен өңірдің салықтық әлеуетін анықтау әдістемесі әзірленді.

Сөз соңында, мынаны атап өткім келеді, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысы алға қойған – әлемдегі неғұрлым бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру сынды – басты мақсатқа жетудің жол басында тұр. Ұлт Көшбасшысы Н.А. Назарбаевтың бастамаларын табысты іске асыру жұмыс сапасын және мемлекеттік институттардың тиімділігін нақты арттыруға байланысты. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының мамандандырылған сараптамалық-талдамалық жұмысы, тәжірибе көрсетіп отырғандай, осы маңызды мемлекеттік міндеттерді шешуде лайықты табыс әкелуі мүмкін және ешқандай әсірелеусіз алғы шепке шығады.

Демократиялық құқықтық мемлекет үшін мемлекеттік (қоғамдық) қаражатты басқарудағы тиімді қаржылық бақылау – бұл, бәрінен бұрын, мемлекеттік билікке деген қоғамның сенімін нығайтудың аса маңызды факторы.

Алда бізді, мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жұмысын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін, бақылаулық іс-шаралар жүргізудің қазіргі заманғы нысандары мен әдістерін енгізумен және мемлекеттік бюджет қаражатын жұмсаудың ашықтығына байланысты көптеген жұмыстар күтіп тұр.



С.А. ҚҰЛМАҒАНБЕТОВ

Есеп комитетінің мүшесі

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТОРЛАРДЫ СЕРТИФИКАТТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Қазақстан-2050» стратегиясы елімізді дамытудың ұзақ мерзімді келешекке арналған шешуші бағыттарын анықтады. Ол қазақстандық экономиканы одан әрі тереңдете жаңғыртуды, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды алдын ала қарастырады. Басты басымдықтар қатарында – инновациялық индустриаландыру, агроөнеркәсіптік кешенді, көлікті, энергетиканы дамыту.

Мемлекет аппараты алдында тұрып отырған пішімі жаңа міндеттеме мемлекеттік басқару жүйесінің, оның ішінде оның ажырамас бөлігі ретінде – мемлекеттік қаржылық бақылаудың пәрменді жүйесінің неғұрлым тиімді жұмыс істеуін талап етеді.

Сөйтіп, «Қазақстан-2050» Стратегиясында Мемлекет басшысы әлемдік ең озық тәжірибенің негізінде мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құру қажеттілігін атап көрсетті.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудитке өтуі оларға халықаралық стандарттарға сәйкес өз қызметін неғұрлым тиімді және сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы нұсқамаларын іске асыру шеңберінде олардың институционалды, әдіснамалық және құқықтық базасын түбегейлі өзгерту шамаланып отыр.

Есеп комитеті басқа мемлекеттік органдармен бірлесе отырып прогрессивті шетелдік тәжірибені зерделеді. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша 2013 жылғы қыркүйекте еліміздің Президентінің Жарлығымен, мемлекеттік қаржылық бақылау

жүйесін реформалауға негізгі тәсілдемелерді анықтаған, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудит Тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдаманы іске асыруға Есеп комитеті Үкіметпен бірлесіп «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын (бұдан әрі – заң жобасы) әзірледі және оны Парламент Мәжілісіне ұсынды.

Заң жобасы ұлттық ресурстарды басқару кезінде жіберілген қаржылық бұзушылықтарды анықтаудан бастап, мемлекеттік органдар қызметі тиімділігін арттыру үшін бүркемелі резервтерді анықтаудың алдын алу шараларын жүзеге асыруға арналған мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметінің қайта бағдарлануын қарастырады.

Заң жобасының маңызды бағыттарының бірі мемлекеттік аудиторларды сертификаттаудың бірыңғай жүйесін енгізу жүйесі қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру болып табылады.

Сертификаттаудың негізгі мақсаты мемлекеттік аудиторлар біліктілігінің халықаралық стандарттарға және қазіргі өмір шындығы талаптарына сәйкестігін растау,

сондай-ақ олардың кәсібилік, іскерлік сапалары мен әлеуетті мүмкіндіктерінің жан-жақты және объективті баға алуы болып табылады.

Әлемдік тәжірибе талдауы кәсіби сертификаттау рөлін арттыру туралы куәландырады. Бүгінгі таңда әлемде бухгалтерлік есеп, аудит, қаржылық менеджмент және мемлекеттік қаржыны басқару саласында халықаралық сертификаттардың көпшілік саны (қолданыста) бар.

Дамыған елдердің (АҚШ, Ұлыбритания, Швеция, Финляндия, Түркия, Ресей және т.б.) көптеген қаржылық бақылауы жоғарғы органдарында (ҚБЖО) тиісті сертификаттардың болуы мемлекеттік аудитор лауазымына үміткердің айтарлықтай артықшылығы болып табылады.

Заң жобасына сәйкес сертификаттауды мемлекеттік аудиторларды сертификаттау бойынша Ұлттық комиссия жүргізетін болады, оның құрамына Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің, Есеп комитетінің, ішкі мемлекеттік аудит бойынша уәкілетті органның өкілдері, ел Парламенті депутаттары кіреді.

Мемлекеттік аудиторларды сертификаттауға рұқсаттама үшін негіз Есеп комитеті белгілеген тәртіптегі білімді растау болып табылады. Бұл ретте, кандидаттарға мемлекеттік аудитор біліктілігіне арналған біліктілік талаптарын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың тиісті органдары бекітетін болады.

Есеп комитеті әзірлеген сертификатталған мемлекеттік аудиторлардың пулын қалыптастыруға Тұжырымдамалық тәсілдемелердің жобаларына сәйкес, Ұлттық комиссияның негізгі функциялары болатын кандидаттардың жеке ісін қарау, тестілеу және кандидаттардың кеңесуі арқылы сертификаттауды жүзеге асыру, мемлекеттік аудиторлар Реестрін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік аудиторларды даярлау бойынша саясатты анықтау (біліктілік талаптары, сертификаттау тәртібі тізбесі, мемлекеттік аудиторлар үшін біліктілікті арттыру бойынша тәртіп тізбесі, мемлекеттік аудиторларды сертификаттау бойынша нормативтік құжаттарға толықтырулар мен өзгерістер енгізу және т.б.).

Сертификаттауға бухгалтерлік есеп, аудит, қаржы, экономика, менеджмент, мемлекеттік басқару, салық салу саласында жоғары экономикалық білімі бар, сондай-ақ мемлекеттік қаржылық бақылау, мемлекеттік қаржы және экономика органдарындағы үзіліссіз еңбек өтілі 5 жылдан кем емес тұлғаларды жіберуге рұқсат беру шамаланады. Сертификаттау қорытындысы бойын-

ша Ұлттық комиссия «мемлекеттік аудитор» біліктілігін белгілейді.

Мақсатқа сәйкес, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап «мемлекеттік аудитор» біліктілігі жоқ тұлға, аудит жүргізуге жіберілмейді. Біліктілікті растау үш жылда бір рет талап етіледі. Іс-қимылдарды тоқтату және сертификатты қайтарып алу, сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылықтар жасау салдарынан аудиторды қылмыстық жауапкершілікке тарту бойынша сот шешімі күшіне енген жағдайда жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылғы тамыз айында Есеп комитеті мемлекеттік аудиторларды сертификаттауды енгізу бойынша іс-шаралар Жоспарын бекітті, онда Есеп комитеті мен тексеру комиссиялары қызметкерлерін сертификаттау бойынша пилоттық жобаны дайындау және іске асыру тәртібі белгіленген.

Осы жоспарға сәйкес, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерін қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру Ережесі, корпоративтік кадр саясаты Ережесі, мемлекеттік аудиторларды сертификаттау бойынша Ұлттық комиссия туралы Ереже, мемлекеттік аудиторларды сертификаттау жүргізу Ережесі және білімді растау Ережесі жобалары әзірленді.

Ауыспалы кезеңде жұмыс атқарып жүрген мемлекеттік бақылаушыларды мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен оқыту шамаланады. Келешектегі оқыту және сертификаттау айрықша ақылы негізде «мемлекеттік аудитор» біліктілігін алуға үміттенетін тұлғалар қаражаты есебінен жүргізілетін болады.

Сөзімді аяқтай келе, мынаны атап өткім келеді, яғни қазақстандық экономиканы дамыту талаптарына жауап беретін, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің қазіргі заманғы сапалы деңгейге өтуі, бүгінгі таңдағы маңызды міндет болып табылады.


Мемлекеттік аудит жүйесінің табысты жұмыс істеуіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі, тек қана білім мен дағдылардың жоғары деңгейін иеленуші емес, оларды тұрақты негізде жетілдіретін біліктілікті кадрлық құрамның болуы, шүбәсіз болып табылады.

Толықтай алғанда, мемлекеттік аудит жүйесі қызметкерлерінің кәсібилігі мен біліктілігінің өсуі, олардың қазіргі заманғы жұмыс тәсілдерін игеруі Мемлекет басшысы алға қойған стратегиялық міндеттерді неғұрлым тиімді шешуге көмектеседі, сондай-ақ еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына бұдан былай да елеулі табыс әкелуге мүмкіндік береді.



АЛИНА УНДРИТС

Эстонияның мемлекеттік бақылауы,
аға аудиторы



АНДРЕЙ КАТСУБА

Эстонияның мемлекеттік бақылауы,
аудиторы

АУДИТТИ ДҰРЫС ЖОСПАРЛАУ

Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу Тұжырымдамасы әзірленді. Тұжырымдаманың мақсаты мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін реформалаудың негізгі бағыттарын және мемлекеттік аудитті енгізуге тұжырымдамалық тәсілдемелерді анықтау болып табылады. Мемлекеттік аудит жүйесін құру үшін, басқа іс-шаралар ішінде, мемлекеттік ресурстарды басқару процесінің ашықтығын қамтамасыз ететін қаржылық есептілік пен аудит саласында халықаралық стандарттарға өтуді жүзеге асыру шамаланады. Осы мақалада біз аудитті жоспарлау процесінде халықаралық стандарттарды қолданудың кейбір шешуші сәттеріне сіздердің назарларыңызды аударғымыз келеді.

Аудитті дұрыс жоспарлау аудит мақсатына жетуге ең тиімді тәсілмен, яғни, шалағайлық сияқтыдан қаша отырып, ресурстардың шамадан тыс шығыстарын да орынды сенімділікпен қамтамасыз етуге көмектеседі.

НҰСҚАМАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАР

(INTOSAI) қаржылық бақылауы жоғарғы органдары Халықаралық ұйымы шығарған, (ISSAI) қаржылық бақылауы жоғарғы органдары үшін Халықаралық стандарттарды қолдану процесінде, қаржылық есептілік деңгейінде және нұсқамалықты тұжырымдаулар деңгейінде алаяқтықпен немесе қатеммен қозғалған, сәйкестендіру тұжырымдамасы және елеулі бұрмалаулар тәуекелін бағалаудың ерекше мәні бар.

Өз мәлімдемесінде қаржылық есептілік қолданылып келген қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған, субъект басшылығы ашық немесе ашық емес нысанда тану, бағалау, ұсыну мен қаржылық есептіліктің әр түрлі элементтерін ашуға қатысты тұжырымдар жасайды. Басқаша сөзбен айтқанда, қаржылық есептілікті ұсына отырып, аудиторға бақылау үшін, субъект басшылығы іс мәні бойынша, есептіліктегі ұсынылған мәліметтердің, мынадай операциялар мен

оқиғалар сыныбы, есептер сальдосы, қаржылық ақпараттарды ұсыну мен ашу сияқты елеулі параметрлер бойынша дұрыстығын мәлімдейді. Бұл барлық тұжырымдар есептілікте ұстанылған ақпараттардың жалпы сілемінде бұркемеленген, олар жекелей келтірілмеген, бірақ аудитор үшін оларды бөлу және олармен байланысты тәуекелдерді бағалау маңызды.

Аудитордың мақсаты мынадан, яғни елеулі бұрмалаулар тәуекелін сәйкестендіру және бағалау үшін, осылайша, әзірлеу үшін негізді қамтамасыз ете отырып және бағаланған тәуекелдерге арналған жауаптық іс-қимылдардың жүзеге асырылуынан құралады.

«Субъектіні және оның ортасын білу негізінде елеулі бұрмалаулар тәуекелін сәйкестендіру және бағалау» 325 аудитінің Халықаралық стандартына сәйкес, әлеуетті бұрмалаулардың әртүрлі түрлерін қарастыру үшін аудитор пайдаланылатын тұжырымдар, болуға тиісті төмендегідей үш категорияға бөлінеді және мынадай нысандарды қабылдай алады:

1. Операциялар сыныптары және аудиттелетін кезеңдегі оқиғалар туралы тұжырымдар:

- Пайда болу – көрініс тапқан операциялар және субъектілермен байланысты да оқиғалар болды.

- Толықтық – бейнелеуге қажетті болған барлық операциялар мен оқиғалар, бенеленді.

- Дәлме-дәлдік – көрініс тапқан операциялар мен оқиғаларға жататын сомалар және басқа мәліметтер, тиісті түрде бейнеленді.

- Алып тастау – тиісті есептік кезеңде бейнеленген операциялар мен оқиғаларды.

- Сыныптама – операциялар мен оқиғалар тиісті есеп шоттарға таратылды.

2. Кезеңдер соңына арналған есептер сальдосы туралы тұжырымдар:

- Бар болу – активтер, міндеттемелер және капиталға қатысу үлесі шынында да бар болып отыр.

- Құқық пен міндет – субъект активтерге арналған құқықты иеленеді немесе бақылайды, ал міндеттеме субъекті міндеттемесі болып табылады.

- Толықтық – бейнеленуге қажетті болатын барлық активтер, міндеттеме және капиталға қатысу үлесі, бейнеленді.

- Бағалау және бөліп тарату – активтер, міндеттеме және капиталға қатысу үлесі тиісті сомаға қаржылық есептілікке қосылды, бағалаудың барлық тиісті түзетулері мен бөліп таратылуы тиісті түрде бейнеленді.

3. Ұсыну және ашып көрсетулер бойынша тұжырымдар:

- Пайда болу, құқықтар мен міндеттер – оқиғаларды ашып көрсету, операциялар және басқа мәселелердің болу орны мен субъектілермен байланысы бар.

- Толықтық – қаржылық есептілікке қосуға қажетті барлық ашып көрсетулер, қосылды.

- Сыныптама және түсініктілік – қаржылық ақпарат ұсынылды және тиісті түрде сипатталды, ашып көрсету нақты бейнеленді.

- Дәлме-дәлдік пен бағалау – қаржылық және басқа ақпараттар әділ және тиісті сомада ашып көрсетілді.

Аудитор тұжырымдарды жоғарыда сипатталғандай, немесе оларды басқа тәсілдермен білдіруде жағдайларына қарай, жоғарыда сипатталған, қамтылған барлық аспектілерді пайдалана алады. Мысалы, тұжырымдардың үндесуін операциялар және оқиғалар бойынша есеп шоттардың сальдо бойынша тұжырымдарымен бірге таңдай алады.

Аудиттелген қаржылық есептілік мекемесі, оның қаржылық жағдайы және қаржылық қызмет нәтижелері туралы дұрыс және объективті ұсыныс бере ме деген пікірді қаржылық аудит шеңбері қамтиды. Мемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық есептілігі туралы тұжырым жасай келе, жоғарыда мазмұндалған тұжырымдарға қосымшаға, операциялар мен оқиғалардың заңнамаға, нормативтік актілер немесе өзге реттеуші ережелерге сәйкес жүзеге асырылғандығына субъект басшылығы сендіре алатын болады. Мұндай тұжырымдар мемлекеттік сектордың қаржылық есептілігі аудиті масштабы шеңберінде болуы мүмкін.

Тәуекелдерді бағалай отырып.

Тәжірибелік деңгейде, тәуекелдерді бағалай отырып, аудитор нақты тұжырыммен байланысты тәуекелдің болуы ғылыми болжамын ұсынады. Мысалы, «Пайда болу» тұжырымы – аудитор бейнеленген операциялар мен оқиғалардың барлығы бірдей шынайы, олардың барлығы бірдей субъектімен байланысты болмағанын, соның ықтималдығын бағалайды.

Тағы мысал – «Толықтық» тұжырымы – аудитордың қорытуынан шығатыны, ондағы тәуекелдің бар болуы, бейнеленуге қажетті болатын қаржылық есептілікте көрініс тапқан - операциялар мен оқиғалар - олардың барлығы емес.

Сөйтіп одан әрі. Аудиторлық процедураларды жүргізудегі өзінің алдағы уақыттағы жұмысында, аудитор алға қойылған ғылыми болжамдарды дәлелдеуге немесе жоққа шығаруға тырысады.

Аудиторлық процедураларды, өз кезегінде, талдамалық процедураларға және нақты тестілерге бөлуге болатын, ішкі бақылау жүйесі тестілеріне және субстантивті тестілеуге бөлуге болады.

Аудитор қандай көлемде сол немесе өзге аудиторлық процедураларды жүргізуге тиіс? (How much is enough?) – Бұл сұраққа жауапты Ұлыбританияның қаржылық бақылауы жоғарғы органында қолданылатын, ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ету үлгісі береді. Бұл үлгі "How much is enough?" сұрағына жауап беруге мүмкіндік береді және шалағайлық пен қайта өңдеуден қашуға көмектеседі. Үлгіге сәйкес аудитор

алда істелуге тиісті, сенімділік пен жұмыс көлемінің қамтамасыз етілуі арасындағы баланстың оңтайлы көрсеткіші ретіндегі сенімділікті 95 пайызбен қамтамасыз етуге тиіс. Үлгі үлкен қолайлылық үшін, 95 пайыз ақылға қонымды сенімділікпен $A = 3$ коэффициентіне сәйкес келетін коэффициенттер немесе пункттер жүйесін пайдаланады. Яғни аудитор тәуекелдерді есептеуі және өз процедураларын былайша, төменде келтірілген 1 сызбадан 3-тармақты алу үшін жоспарлауы тиіс.

Ұлыбританияның қаржылық бақылауы жоғарғы органында қолданылатын, ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ету үлгісіне байланысты, ішкі бақылау жүйесі сипаты мен тестілері аудиттелетін қаржылық есептіліктегі елеулі бұрмалаулардың болуы немесе жоқтығы туралы ақылға қонымды сенімділіктің көпшілік үлесін (77 пайызға дейін) алуға аудиторға мүмкіндік береді. Сондықтан процедураларды ішкі бақылау жүйесінің сипаттамасынан бастап орынды бастаған дұрыс.

Ішкі бақылау.

Ішкі бақылау жүйесін қарастыру барысында, аудитор, бірінші кезекте, - мекеменің ішкі бақылау жүйесінің қандай элементтері, тұжырыммен байланысты, тәуекелді жүзеге асыру ықтималдығының алдын алады немесе төмендетеді? - деген сұраққа жауап іздейді. Мысалы, «Пайда болу» тұжырымы – аудитор бақылау элементін сәйкестендіреді, соның қамтамасыз етілуіне жауапты, қаржылық есептілікте бейне-

ленген барлық операциялар мен оқиғалар шынайы және олардың барлығы субъектілермен байланысты болды. Бұл кезеңде осы элемент мақсатты, (керекті орында және мөлшерлес тәуекелге), толық аяқтаушы, ақылға қонымды және тікелей бақылау мақсаттарымен байланысты болып табыла ма, соны бағалау қажет.

Ішкі бақылау жүйесін қарастыра келе, аудитор,- ішкі бақылау жүйесіне сүйенуге бола ма? - деген сұраққа жауап беруі тиіс.

Осы сұрақтың жауабын ескере келе аудитор келешектегі іс-қимылдарды жоспарлайды. Егер аудитор ішкі бақылау жүйесін іс-қимыл жасауда деп санайтын болса, онда келесі қадаммен бақылау элементтері тиімділігін операциялық тестілеу болады – барлық кезең ішінде жоспарға сәйкес олар дәйекті жұмыс істей ме, оларды барлық персонал ұқыпты сақтай ма. Егер аудитор ішкі бақылау жүйесін сенімсіз деп санайтын болса – оны тестілеуге уақыт жіберудің қажеті жоқ, субстантивті тестілеуге көшуге болады.

Мұнда мынаны қадап айту маңызды, яғни жоспарлау кезеңінде аудитор ішкі бақылау жүйесінің деңгейін бағаламайды, ал біз ішкі бақылаудан ала алатын шынайы сенімділіктің тек қандай деңгейі екенін шамалайды. Үлгі бөлінбейтін тәуекелдердің екі – ортаңғы және төменгі деңгейінің болуын білдіреді (жоғарғы және елеулі тәуекелдер жеке қарастырылады).

Үлгілерді ескере келе, аудитке тәсілдемелер - сенімді қуаттылықтың қамтамасыз етілуі. 1 сызба

1	1	1,3	0,7
2	1	1	1
3	1	0,7	1,3
4	1	2,0	

неотъемлемый риск НИЗКИЙ $A=1$

2,3		0,7
1,5		1,5
0,7	2,3	
3,0		

неотъемлемый риск СРЕДНИЙ $A=0$

Мына сызбада ішкі бақылау тестілері көк түспен белгіленген, субстантивті тестілер – сұр түспен, бақылау тәуекелдерін бағалау сенімділігі – жасыл түспен бейнеленген. Егер аудитор бөлінбейтін тәуекелді ортаңғы болып табылады деп шамаласа, ол 3 коэффициентті алу үшін жеткілікті санмен тест өткізуі тиіс. Егер аудитор бөлінбейтін тәуекелді төменгі болып табылады деп шамаласа, ол үндемеу бойынша бақылау жүйесіне 1 коэффициентін береді

(жасыл түспен белгіленген) және тағы да екі балл алу үшін осындай санмен тест өткізуді жоспарлайды. Одан әрі аудитор негізгі төрт тәсілдемені қолданудың мүмкіндігін қарастырады:

1. Ішкі бақылауға негізгі қарсылық – тұрақты трансакциялар және елеулі сомалар аудиттер үшін лайықты болады.
2. 50/50 тәсілдемесі – ішкі бақылау тестілері және субстантивті тестілеуге теңдей шамада.

3. Субстантивті тестілеуге негізгі қарсылық – егер аудиттелетін мекеменің ішкі бақылауы кейбір күдіктерді туғызатын болса.

4. Тек қана субстантивті тестілеу – босаң ішкі бақылаумен шағын субъектілерге дәл келеді.

Іріктеу

Тәсілдемелермен бөліскен соң, іріктеу үшін келесі кестеге байланысты аудитор объектілердің оңтайлы санын есептейді

А коэффициенті	Іріктеу мөлшері (іріктеудегі объектілер саны)
0,7	14
1	20
1,3	26
1,5	30
2	40
2,3	46
3	60

Мысалы, егер аудитор, бөлінбейтін тәуекелді – төменгі деп санайтын болса, және ол тұрақты трансакциялар мен елеулі сомаларды құрайтын жиынтықпен іс-әрекетте болады, ол бақылау жүйесіне 1 коэффициентті береді және ішкі бақылауға негізгі қарсылық – бірінші тәсілдемені таңдайды. 1, 3 коэффициентін алу үшін, ішкі бақылаудың 26 тестін жасауды жоспарлайды. Сенімді қуаттылықтың қалған бөлігін аудитор талдамалық процедуралардан және нақты тесттерден құрастырып алады. Олар көп уақыт алады, бірақ та сенімді дәлелдемелерді береді. Тесттердің көлемі мен саны ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін аудитордың бағалауына байланысты. Біздің мысалымызда аудитор қалған 0,7 тармақты алу үшін, 14 нақты тест жасауы тиіс. Қорытындысында аудитор сенімді тұрақтылықтың 95 пайызына сәйкес келетін, 3 коэффициентті алады.

Үлгінің екі айрықшалық жасайтынын байқауға болады. Жиынтықтар үшін 200-ден кем элементтер, іріктеу – 5-10 пайызды құрайды (тәуекелге байланысты). Жиынтықтар үшін 50-ден кем элементтер, іріктеу – есептің ақшалай сомасының 60-75 пайызын құрайды (тәуекелге байланысты).

Талдамалық процедуралар және нақты тесттер әрқашан басшылық тұжырымдармен байланысты болуы тиіс.

Мысалы, «нақтылық» тұжырымы – алғашқы құжаттарды бақылау негізінде, аудитор қаржылық есептілікте көрініс тапқан операциялар мен оқиғаларға жататын сомалар және басқа мәліметтердің тиісті қалыпта бейнеленгеніне сендіреді.

Семинар

Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті және «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» РМК 2014 жылғы 15-19 қыркүйек аралығында Астана қаласында

«Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті» тақырыбында өткізген семинарда біз, Эстонияның мемлекеттік бақылау аудиторлары Алина Ундритс және Андрей Катсуба лекторлар ретінде қатысып, дәріс оқыдық. Семинар Қазақстанның мемлекеттік қаржылық бақылауының қолданыстағы жүйесін реформалау бойынша іс-шаралар шеңберінде жүргізілді.

Біз Есеп комитеті мен Орталықтың семинарды ұйымдастыруы бойынша жұмыстарына дән ризамыз. Сіздердің қонақжайлылықтарыңызға және жылы қабылдауларыңызға ыстық ілтипатпен рахмет айтамыз. Орталық директоры Алмат Мурзин мырзаға, директордың орынбасары Әсия Өскенбаеваға, Орталық қызметкерлері Ақылбай Құлымшинге, Болат Мұхмеджановқа және барлық басқа қызметкерлерге ерекше құрметпен, алғысымызды білдіреміз. Біз осы семинардың табысты өтуін ойдағыдай қамтамасыз еткен жандардың еселі еңбегі арқылы Қазақстанның мәдени өмірінен мағлұмат алып, тұрмыс-тіршіліктеріңізбен танысқанымызға қуаныштымыз.

Семинар жұмысында оған белсенді қатысуға тартылған тыңдаушылардың ой бөлісу, талқылау кезіндегі пікір алысу ашықтығы мен дайындығын ерекше атап өтуді қажет деп санаймыз. Халықаралық стандарттарға сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізудің әдіснамаларын игеруде тыңдаушылардың қызығушылығы біздің көңімізге нық орнығып, үлкен әсерге жетеледі. Өзге де іс-шаралармен қатар, осы семинардың өткізілуі халықаралық стандарттар талаптарына жауап беретін, аудит өткізудің жаңа әдістерін енгізуге және бірыңғай әдіснамалық базаны құруға жәрдемдесетін болады деп үміттенеміз. Келешекте де, Қазақстанда мемлекеттік аудитті дамыту бойынша жұмыстарда әртүрлі жәрдем көрсетіп, жемісті және өзара тиімді ынтымақтастығымызды жалғастыруға дайынбыз және оған сенімдіміз деген үміттеміз.

ОЗА ШАУЫП, ІСКЕ ЖҰМЫЛУДАМЫЗ

Қаржылық және сыбайлас жемқорлықтық бұзушылықтарға апарып соқтыратын жағдайларды терең зерделеу, бақылаулық және сараптамалы-талдамалық жұмыстардың жаңа әдістері мен технологияларын әзірлеу және енгізу, сондай-ақ қаржылық-бюджеттік қатынастар жүйесінде оқыту бағдарламаларын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы №868 Қаулысымен, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне бағынысты болып табылатын «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» РМК (бұдан әрі - Орталық) құрылды.

Мемлекет басшысының 2012 жылы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында әлемдегі ең озық тәжірибенің негізінде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары алдына мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құру бойынша міндет қойылды.

Негізгі принциптер мен жалпы тәсілдемелер, сондай-ақ мемлекеттік аудитті енгізудің кезеңдері және мемлекеттік қаржылық бақылауды дамыту, Мемлекет басшысының 2013 жылғы 3 қыркүйектегі №634 Жарлығымен бекітілген, тиісті Тұжырымдамада регламенттелген. Одан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1446 қаулысымен Қазақстан Республикасы Парламентіне енгізілген «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы әзірленді.

Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің

мемлекеттік аудитке өтуін ескере келе, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті сыртқы мемлекеттік аудит жүргізудің жаңа нормативтік-әдіснамалық базасын әзірлеуді қажет ететін бақылаулық және сараптамалы-талдамалық жұмыстардың жаңа әдістері мен технологияларын әзірлеу мен енгізуге зор көңіл бөліп отыр.

Зерттеулік қызмет

Орталық қызметінің негізгі түрлерінің бірі мемлекеттік қаржылық бақылаудың өзекті мәселелері бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу болып табылады.

2014 жылы Орталық 7 тақырып бойынша зерттеу жүргізді:

«Пилоттық жобаның негізінде тестіленген мемлекеттік аудит саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесін аудитті жоспарлау және жүргізу кезінде қолданылатын зерттеу»;

«Халықаралық стандарттар мен жоғары аудит органдарының нұсқаулықтарын (ISSAI) Қазақстан Республикасының сыртқы мемлекеттік аудит органдарының қызметіне енгізу мәселелерін зерттеу»;

«Пилоттық жобаның негізінде жұмыс стандарттары мен тестіленген әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлей отырып, мемлекеттік қаржылық аудит және бақылау саласында сараптамалық-талдамалық іс-шараларды жүзеге асыру»;

«Пилоттық жобаның негізінде тестіленген және жұмыс стандарттары мен әдістемелік нұсқаулықтардың жобасын әзірлей отырып, тиімділік аудитін жүргізуді зерттеу»;

«Пилоттық жобаның негізінде тестіленген өзара іс-қимылдың оңтайлы тетіктерін әзірлей отырып, сыртқы және ішкі мемлекеттік аудит және бақылау органдарының функцияларын зерттеу»;

«Жұмыс стандарттары мен әдістемелік нұсқаулықтардың жобаларын әзірлей отырып, әдістемелік шоғырландырылған қаржылық есептілік негіздері мен жүргізудің ҚСҚХС және ҚСҚЕ және стандарттары бойынша зерттеу»;

«Салық салынатын әлеуетті мониторингілеудің халықаралық тәжірибесін зерттеу және оны қолдану бойынша әдіснамалық нұсқаулар әзірлеу».

Зерттеулер шеңберінде мемлекеттік қаржылық бақылаудың озық әлемдік тәжірибесін шолу бойынша, сондай-ақ жинау, зерделеу, жүйелеу және ақпараттық дерек көздерін талдау, оның ішінде зерттеулер бағыттарының оңтайлы нұсқасын анықтау мақсатымен нормативтік құқықтық актілер бойынша талдамалық жұмыс жүргізілді. Зерттеудің әр тақырыбы зерттеулер нәтижелерін пилоттық режимде тестілеуді шамалады.

Зерттеулердің барлық тақырыптары Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Ғылыми-әдіснамалық кеңесінде мақұлданды және тәуелсіз сараптама қорытындысын иеленді.

Зерттеулер шеңберінде үш процедуралық стандарттың, алты нұсқамалықтың, бес әдістемелік нұсқамалықтың, екі әдістеменің жобалары әзірленді. Зерттеулердің екі тақырыбы шеңберінде аудит процесін автоматтандыруға мүмкіндік беретін үлгілер әзірленді. Барлық тақырыптар бойынша зерттеулік есептер берілді.

Зерттеулердің негізгі нәтижелері.

Әлемдік тәжірибені және Есеп комитетінің функцияларын зерделеу негізінде Орталық Қазақстанда жүргізілуі алдын ала қарастырылып отырған сараптамалық-талдамалық іс-шаралар түрлерін анықтады (белгіледі). Бұл жұмыстарды тәжірибелік қолдану үшін сараптамалық-талдамалық іс-шаралар жүргізу, сондай-ақ бақылау объектісі қызметі тиімділігін бағалау әдістемесі және осы әдістемені пайдалануға нұсқамалық бойынша процедуралық стандарттың жобасы әзірленді. Бұл ретте мемлекеттік органдардың, бюджеттік бағдарламалардың стратегиялық жоспары тиімділігін бағалаудың және сол мемлекеттік органның қызметін бағалаудың нақты экономикалық-математикалық құралдары ұсынылды.

Экономика саласына бақылау объектісі қызметінің әсерін бағалау үшін салааралық баланс үлгісінің пайдаланылуымен әсерді бағалау әдістемесі әзірленді. Бұл үлгі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығы саласын дамытуға арналған қызметі әсерін бағалау үшін тестіленген.

Зерттеу шеңберінде қаржылық есептілік бойынша Орталық үш базалық құжаттардың жобаларын әзірледі: Қаржылық есептілік аудиті бойынша Процедуралық стандарттың Жобасы; Мемлекеттік мекемелердің шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігі аудитін жүргізу бойынша Нұсқамалық Жобасы; шоғырландырылған қаржылық есептілік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жеке қаржылық есептілігі аудитін жүргізу бойынша Нұсқамалық Жобасы.

Пилоттық режимде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі – мемлекеттік органы және квазимемлекеттік сектор субъектісі – «ҚБЗО» РМК мысалында, қаржылық есептілік аудиті әдістемелерін тестілеу жүзеге асырылды. Тестілеу барысында біз аудит процесі кезеңдерінің тізбесін және әр кезең үшін қажет болатын құжаттар үлгілерін анықтадық. Тестілеу нәтижелерін құжаттамалық ресімдеу мақсатында процедуралық стандарт жобасы талаптарына сәйкес, аудиторлық жұмыс құжаттарының шаблондары әзірленді.

Қаржылық есептілік аудиті бойынша құжаттардың жобалары өз мағынасы бойынша ISSAI 4-ші деңгейлі ISSAI 1000 – 2999 стандарттарына сәйкес келеді.

Тиімділік аудиті бойынша зерттеу шеңберінде мынадай әдіснамалық құжаттардың жобалары әзірленді:

1) тиімділік аудитін жүргізу бойынша Процедуралық стандарт жобасы;

2) экономика салалары және мемлекеттік басқару салалары бойынша мемлекеттік аудит объектілері қызметі тиімділігі аудитін жүргізу Нұсқамалығының жобасы;

3) ұлттық холдингтерді дамыту стратегияларын және экономиканы немесе жеке алынған саланы, әлеуметтік және мемлекеттік басқарудың басқа да салаларын дамытуға арналған квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің әсерін іске асыру бойынша Нұсқамалықтың жобасы.

Бұл ретте квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыс істеу тиімділігін және оның республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін бағалау әдістемесі әзірленді.

Нұсқамалық жобалары аудиторлық процедуралар сипаттамасымен жоспарлау кезеңінен бастап аудиторлық есептің қалыптасуына дейін аудит жүргізудің қарқынды қадамдық процедураларын қамтиды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі – мемлекеттік органы және квазимемлекеттік сектор субъектілері – «НУХ «Байтерек» АҚ (даму стратегиясын іске асыруды бағалау) мен «Қазақстанның даму банкі» АҚ (экономикаға бағалау әсері) мысалында жоғарыда аталған әдістемені тестілеу жүзеге асырылды, оның қорытындысында тиімділік аудиті Стандартының және оған деген әдіснамалық нұсқамалықтың әзірленген жобаларына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Институт пен ішкі және сыртқы бақылау арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін зерттеу шеңберінде тәжірибелік ұсынымдар берілді.

Бақылаулық іс-шаралардың қосарлану деңгейінің төмендеуі бәлкім мемлекеттік қаржылық бақылау органының (МҚБ) өзара құптау тетігін жасау жолымен жүргізген бақылау нәтижелері болар. Өзара іс-қимылдың осы құралы үшін зерттеу барысында МҚБ органдарының және оларсыз да, бірыңғай мәлімет базасын ескере отырып, оны жүзеге асырудың мүмкін болатын үлгілері ұсынылды, сондай-ақ жүргізілген мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың нәтижелерін өзара құптаудың нұсқамалық жобасы әзірленді. Одан басқа, зерттеу шеңберінде Есеп комитетінің бақылаулық іс-шаралары аясын-

да Қызылорда және Алматы облыстары мысалында әдіснамалық нұсқамалықты пилоттық режимде тестілеу жүргізілді.

Салықтық әлеуетті зерттеу шеңберінде Қазақстанда халықаралық тәжірибенің қолданылатын аспектілері туралы тұжырымдар жасалды және салықтың әрқайсысы үшін салықтық әлеуетті бағалау әдістері анықталды және салықтық әлеуетті бағалау әдістемесі әзірленді. Салықтық түсімдер болжамының есеп айырысу әдістері және оған деген ақпараттарды қалыптастыру әдістері анықталды. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, жалпы сипаттағы трансфертер есебі Әдістемесіне және бюджетке түсетін түсімдерді болжау Әдістемесіне өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді. 2014-2016 жылдарға арналған салықтық түсімдердің сценарлық болжамы дайындалды. Батыс Қазақстан облысы және Астана қаласы мысалында салықтық әлеуетті бағалау бойынша әдістемелік нұсқамалық жобасының апробациясы жүргізілді. «Салықтық әлеует» көрсеткішін енгізу Қазақстанда бюджетаралық қатынастарды реттеудің жаңа әдістерін ұсынуға, салықтық қатынасты жетілдіру мен республикалық және жергілікті бюджетке салықтық түсімдердің түсуін неғұрлым негізді болжауға мүмкіндік береді.

Одан басқа, тәуекелдерді басқару жүйесін зерттеу шеңберінде үш бағыт бойынша сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жоспарлау кезінде бақылау объектілерін іріктеу критерийлері әзірленді: мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігі бойынша, мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігі бойынша және квазимемлекеттік сектор субъектілері бойынша. Осы критерийлердің пайдаланылуымен бақылау объектілеріне іріктеу жүргізу процесін автоматтандырушы операциялық үлгі әзірленді. Бұл ретте, мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігі бағыты бойынша бақылаудың тәуекелдік объектілерін іріктеуге келесі мынадай топтар бойынша, бақылаудың тәуекелдік объектілерін бағалау қосылады:

- бюджеттік бағдарламалар;
- стратегиялық жоспарларды әзірлеуші мемлекеттік органдар;
- стратегиялық жоспарларды әзірлеуші мемлекеттік органдар;
- бағдарламалық құжаттар;
- өңірлер.

ISSA I халықаралық стандарттарын енгізу бойынша зерттеу шеңберінде сыртқы

мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізудің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар берілді. Атап айтқанда, стандарттар сияқты, нұсқамалықты да (әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулықтар) қосатын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың бес деңгейлі әдіснамалық базасы жүйесі ұсынылды. Есеп комитетінің әдіснамалық базасына халықаралық стандарттарды енгізудің алгоритмі тіркелген, Қазақстан Республикасы сыртқы мемлекеттік аудит (қаржылық бақылау) органдары қызметіне ISSAI стандарттары қабылданатын ережелерінің имплементациясы бойынша Нұсқамалық Жобасы әзірленді және ұсынылды.

2015 жылы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі жүргізетін реформаны қолдауға және Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізуге бағдарланған, алты өзекті тақырып бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізу жоспарланып отыр.

«БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕМЕЛЕР»


Орталық мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша семинарлар ұйымдастырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының нақты секторы ұйымдары үшін коммерциялық семинарлар өткізеді.

Орталық 2014 жылы біліктілікті арттыру жоспарындағы 695-тің орнына, нақты алғанда 698 тыңдаушыны оқытып білімін жетілдірді.

2013 жылмен салыстырғанда, тыңдаушыларды жалпы қамту саны 145 адамға өсті немесе 26%-ға артты. Бұл ретте, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметінен тыңдаушылар саны 214 адамға көбейді, бұл ретте тексеру комиссиялары мамандарынан тыңдаушылар санының 64 адамға азайғаны байқалды. (1 диаграмма).

МҚБ органдары бөлінісінде тыңдаушыларды оқытудың 2013 және 2014 жылдардағы сандық қамтылуын салыстырмалы талдау

1 Диаграмма



Біліктілігі бойынша тыңдаушылар құрылымын талдау, базалық бухгалтерлік білімі бар мамандардың жетіспеушілігін көрсетеді, 2013 жылы олардың жалпы сандық үлесі 17 пайызды, ал 2014 жылы 14 пайызды құрады. (2 диаграмма).


2013 жылғы қаңтарда қоғамдық сектордың қаржылық есептілігі халықаралық

стандарттарының (ҚСҚЕХС) енгізілуімен ҚСҚЕХС бойынша жасалған, мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне бақылау (аудит) жүргізу мәселесі өзектілендірілуде және сондықтан да мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының барлық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың қажеттілігі өсе түсуде.

Біліктілік бойынша 2013 және 2014 жылдардағы тыңдаушылар құрылымын салыстырмалы талдау

2 Диаграмма

2013 жыл біліктілік бойынша тыңдаушылар құрылымы



2014 жыл біліктілік бойынша тыңдаушылар құрылымы



2014 жығы тыңдаушылар құрылымын талдау өтіл бойынша мынаны көрсетеді, яғни 3 жылдан 5 жылға дейін еңбек өтілі бар тыңдаушылар құрамы 2 еседен аса ұлғайды, бұл ретте, 15 жылдан аса еңбек өтілі бар тыңдаушылар құрамы 5 есеге азайған. Мұнымен қоса, мемлекеттік

қаржылық бақылау органдарының кадрлық қызметі дағдылардың зерделенуі мен өз қызметкерлерінің кәсіби білімдерін бағалауды есепке ала отырып, біліктілікті арттырудың жылдық жоспарларын жасауға бағдарланған. (3 диаграмма).

2013 және 2014 жылдардағы өтілі бойынша тыңдаушылар құрылымын салыстырмалы талдау

3 Диаграмма

2013 жыл МБҚ жүйесіндегі жұмыс өтілі бойынша тыңдаушылар құрылымы



2014 жыл МБҚ жүйесіндегі жұмыс өтілі бойынша тыңдаушылар құрылымы



Орталық 2014 жылы білім беру бағдарламалары шеңберін кеңейтудегі көрсеткіштерді жақсартты. Егер 2013 жылы оқыту білім берудің бес бағдарламасы бойынша жүргізілген болса, ал 2014 жылы жеті бағдарламасы бойынша жүргізілді:

1) «Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін бақылау (аудит) (базалық деңгей)»;

2) «Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін бақылау (аудит)»;

3) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті» (Эстония аудиті Ұлттық кеңсесі тәжірибесі мысалында);

4) «Азаматтық құқық және бюджеттік заңнама»;

5) «Мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардағы бухгалтерлік есеп»;

б) «Қаржылық есептілік аудиті»;

7) «Стратегиялық жоспарлардың іске асырылу барысын және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерді басқару тиімділігін бағалау арқылы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділік аудиті».

Орталық тұрақты негізде халықаралық ынтымақтастық бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Осы орайда «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті» (Эстония аудиті Ұлттық кеңсесі тәжірибесі мысалында) тақырыбында Эстония аудиті Ұлттық кеңсесінің екі мемлекеттік аудиторын тарта отырып, семинар өткізді.

Семинардың мақсаты (INTOSAI) қаржылық бақылауы жоғарғы органдарының Халықаралық ұйымы бекіткен (ISSAI) аудиті Халықаралық стандарттарына сәйкес, қаржылық есептілік аудитін өткізу, қаржылық бақылауы жоғарғы органдарының шоғырландырылған есептілік аудитін халықаралық тәжірибемен жүргізу, өзекті тәсілдемелерді талдау, олардың Эстония аудиті Ұлттық кеңсесінде қолданылу және тыңдаушылардың мемлекеттік сектордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті бойынша дағдыларды алу әдіснамаларымен танысу болды.

Семинардың теориялық бөлігі тәжірибелік сабақтармен нығайтылды, онда Эстония қаржылық бақылауы Жоғарғы органынан келген әріптестеріміз жеке алынған министрлік сияқты, Эстония Үкіметінің де шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізу тәжірибесімен бөлісті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1446 қаулысымен Қазақстан Республикасы Парламентіне енгізілген «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасына сәйкес, сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асырушы мемлекеттік аудиторларды сертификаттауға рұқсат беру үшін, Есеп комитеті белгілеген тәртіпте білімді растау негіз болып табылады. Мемлекеттік аудиторларды Ұлттық комиссия аттестаттайтын болады және «мемлекеттік аудитор» біліктілігін беру туралы белгіленген үлгідегі құжат тапсырылатын болады.

Осылайша, мемлекеттік қаржылық бақылау қызметкерлерін ұстау мен оқыту нысанына және қайта даярлаудың үздіксіз жүйесін жасау мен олардың біліктілігін арттыруға деген принциптер мен тәсілдемелердің кардиналды өзгерістерінің қажеттілігі өзектілендіріледі.

Қазіргі уақытта мемлекеттік аудиторларды пилоттық сертификаттауды енгізу үшін Есеп комитеті сертификаттау саласындағы нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеу үстінде.

Осыған байланысты соңғы төрт семинар пилоттық режимде өткізілді. Есеп комитеті іріктеген сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметкерлері ішінен, мемлекеттік аудитор сертификатын алуға, біліктілік алу дәрісі алдында 22 үміткер сабақ алды.

Алдағы уақытта, келесі жылдан бастап «мемлекеттік аудитор» біліктілігін алғаннан кейін, әр мемлекеттік аудитордың міндетті түрде үш жыл ішінде көлемі 120 академиялық сағаттық біліктілікті арттырудан өтетін болуы тиіс екендігі шамаланып отыр.

Оқытудың әдіснамасы мен әдістерін, сондай-ақ оқыту-әдістемелік кешенін IDI INTOSAI талаптарына сәйкес жүргізу жоспарланған.

Орталық қызметінің маңызды бағыттарының бірі коммерциялық семинар өткізу болып табылады.

Осы мақсатта 2014 жылдың екінші тоқсанынан бастап клиенттік база қалыптастырылды, ол еліміздің әр түрлі кәсіпорындары мен ұйымдарынан 4000-нан аса әлеуетті тыңдаушыларды қамтуға есептелген. Мемлекеттік және нақты сектор қызметкерлері біліктілігін арттыру бойынша төрт білім беру бағдарламалары әзірленді:

1) «Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу туралы заңнамадағы өзгерістерді шолу және зерделеу»;

2) «Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың даму Жоспарын әзірлеу, сондай-ақ оны түзетудің және өзгерістер енгізудің ерекшеліктері»;

3) «ҚСҚЕХС-ке сәйкес есептеу әдісі бойынша мемлекеттік мекемелерде қаржылық есептілікті қалыптастыру»;

4) «Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін бақылау (аудиті) қорытындысы бойынша есеп жасау».

Бұл кезеңде барлығы осы келтірілген тақырыптар бойынша 18 семинар өткізілді, онда 252 тыңдаушы дәріс алды. Тыңдаушылар пікірлері кешектегі жылдарда да мұндай семинарларды өткізудің қажеттілігі туралы көрсетіп отыр. Коммерциялық семинарларды өткізудің 2015 жылға арналған кестесі Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» республикалық мемлекеттік кәсіпорны сайтында (cifn.kz) орналастырылған.

Мақаланы «ҚБЗО» РМҚ мамандары әзірледі



Ақтөбе облысына бөлінген республикалық бюджет қаражатының пайдаланылуын және бюджетке түскен түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, сондай-ақ Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын бақылаудың қорытындысы туралы

Об итогах контроля полноты и своевременности поступлений в бюджет и использования средств республиканского бюджета, выделенных Актюбинской области, а также соблюдения Стандартов государственного финансового контроля

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Ақтөбе облысына бөлінген республикалық бюджет қаражатының пайдаланылуын және бюджетке түскен түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, сондай-ақ Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын бақылаудың қорытындысын қарап, жалпы сомасы **25 435,6 млн. теңгеге** бюджет, мемлекеттік сатып алу және өзге де заңнама бұзушылықтарының, соның ішінде **15 993,6 млн. теңгеге** қаржылық бұзушылықтардың, **9 442,0 млн. теңгеге** өзге де бұзушылықтардың анықталғанын атап өтеді.

**Государственные закупки
Республики Казахстан**



**Қазақстан Республикасының
мемлекеттік сатып алулары**

Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета, рассмотрев итоги контроля полноты и своевременности поступлений в бюджет и использования средств республиканского бюджета, выделенных Актюбинской области, а также соблюдения Стандартов государственного финансового контроля, отмечает выявленные нарушения требований бюджетного, иного законодательства и несоблюдение законодательства о государственных закупках на общую сумму **25 435,6 млн. тенге**, из которых финансовые нарушения составляют **15 993,6 млн. тенге**, иные - **9 442,0 млн. тенге**.

Бірқатар жағдайда республикалық бюджет қаражатының есебінен іске асырылатын өңірлік бағдарламалардың мақсаттары мен өлшемдері жеткілікті дәрежеде айқындалмаған, жекелеген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмеген.

Цели и критерии региональных программ, реализуемых за счет средств республиканского бюджета, в ряде случаев определены в недостаточной степени, отдельные конечные результаты не достигнуты.

2012-2013 жылдары жалпы сомасы **587,3 млн. теңге** нысаналы трансферттер, **0,3 млн. теңге** кредиттер **игерілмеген**. Бұл ретте облыс бюджетіндегі кірістердің елеулі бөлігін субвенциялар мен нысаналы трансферттер құрап отыр.

Общая сумма **неосвоенных** целевых трансфертов в 2012-2013 годах составила **587,3 млн. тенге**, кредитов - **0,3 млн. тенге**. При этом субвенции и целевые трансферты составляют значительную часть доходов бюджета области.


Жергілікті атқарушы органдар облысты әлеуметтік-экономикалық дамытуға бөлінген қаражатты жеткілікті дәрежеде **тиімді және ұтымды пайдаланбауда**.

Средства, выделенные на социально-экономическое развитие области, местными исполнительными органами **используются недостаточно эффективно и рационально**.

Салықтық әкімшілік ету шараларының жеткілікті дәрежеде тиімді болмауы, қоса есептелген сомаларды өндіріп алу пайызының төмендігі облыстың салық базасының өсуіне септігін тигізбеуде. Бюджетке түсетін салық түсімдерін ұлғайту үшін ішкі резервтер іздестірілмеуде.

Недостаточная эффективность мер налогового администрирования, низкий процент взыскания доначисленных сумм не способствуют росту налоговой базы области. Внутренние резервы для увеличения налоговых поступлений в бюджет не изыскиваются.

Аумақтарды дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру барысында **2013** жылы **23** іс-шара іске асырылмаған, **22** іс-шара мерзімі **бұзылып орындалған**. Кезделген **48** нысаналы индикатордың **3-уі орындалмаған**, тікелей нәтижелердің **106** көрсеткішінің **15-іне қол жеткізілмеген**.



В ходе реализации Программы развития территории на 2011-2015 годы в **2013** году **не исполнено 23 мероприятия**, с нарушением срока реализовано **22**. Из **48** предусмотренных целевых индикаторов **не исполнено 3**, из **106** показателей прямых результатов **не достигнуто 15**.



А.М. МУХАМЕТКАРИМ

Член Счетного комитета, к.э.н.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ АНАЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СЧЕТНОГО КОМИТЕТА – ОСНОВА ПЕРЕХОДА НА ГОСАУДИТ

В контексте реализации задач, поставленных Лидером нации Н.А. Назарбаевым в Стратегии «Казахстан-2050», в Республике Казахстан происходит процесс устойчивого экономического и социального развития с целью создания правового государства с социально-ориентированной экономикой, фундамент которого был заложен с момента обретения страной независимости.

Этот период сопровождается созданием адекватного механизма государственного финансового контроля и обеспечением прозрачности использования средств государственного бюджета, что, несомненно, повышает роль и значимость органов государственного финансового контроля.

Постепенное улучшение бюджетной дисциплины в результате внедрения системы казначейства, а также сложившиеся условия социально-экономического развития страны обусловили необходимость формирования системы государственного финансового контроля, которая бы обеспечивала оценку рациональности и эффективности расходования бюджетных ресурсов и использования государственной собственности. В этой связи главной задачей органов государственного финансового контроля становится проведение комплексного анализа достижения программных целей или экономического результата

бюджетных затрат на основе использования четко сформулированных критериев оценки.

Именно поэтому экспертно-аналитическая деятельность Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета выступает на первый план, поскольку анализ является способом оценки эффективности использования бюджетных средств и позволяет получить объективную картину, выявить риски и недостатки системы управления.

Несомненно, контрольная и аналитическая деятельность, сопряжены друг с другом. При этом результаты контрольно-аналитической деятельности позволяют выявить системные проблемы развития экономики или отдельно взятой ее отрасли или сферы государственного управления, установить причины выявленных нарушений и выработать рекомендации по дальнейшему совершенствованию законодательства.

Результаты контрольных мероприятий и аналитической деятельности Счетного коми-

тета ежеквартально направляются Главе государства и ежегодно, в рамках подготовки заключения на отчет Правительства Республики Казахстан об исполнении республиканского бюджета, - направляются Парламенту Республики Казахстан и подлежат опубликованию в средствах массовой информации.

Так, только за 8 месяцев 2014 года Счетным комитетом проведено 16 контрольных мероприятий с охватом 186 объектов контроля, по результатам которых направлено 36 рекомендаций и 122 поручения Правительству Республики Казахстан, государственным органам и субъектам квазигосударственного сектора.

Основная доля выявленных финансовых нарушений связана с расходованием бюджетных средств, в том числе при реализации программных документов и освоении целевых трансфертов, а также использовании активов государства.

Как показал мониторинг, более половины объема финансовых нарушений приходится на несоблюдение норм Бюджетного кодекса Республики Казахстан (далее – Бюджетный кодекс), значительная доля - нарушения требований законодательства по государственным закупкам и строительной деятельности.

Анализ причин, породивших финансовые нарушения, свидетельствует о наличии системных проблем, прежде всего, при планировании республиканского бюджета. К сожалению, на этапе планирования не всегда обеспечиваются полнота и достоверность расчетов бюджетных заявок, допускается дублирование планируемых мероприятий, отсутствие их взаимоувязки. Контрольными мероприятиями выявляются факты выделения бюджетных средств при отсутствии проектно-сметной документации, разрешительных документов и заключения государственной экспертизы, а в отдельных случаях - без наличия бюджетных заявок администратора бюджетной программы.

Недостаточно результативно прорабатываются вопросы софинансирования инвестиционных проектов из местных бюджетов и частного бизнеса. Подобные факты приводят к несвоевременной реализации инвестиционных проектов и их удорожанию.

В тоже время укрепление финансовой дисциплины, повышение прозрачности и эффективности использования государственных средств и активов государства требует переориентации функции контроля по выявлению совершенных финансовых нарушений на их предупреждение и профилактику.

